

**«ДКБ Сымбат» балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

№ 1 меңеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы

Атақоныс 2023-2024 оқу жылы

Хаттама №1

Тақырыбы: Балалардың балабақшаға бейімделу процесі

Мақсаты: Баланың мектепке дейінгі ұйымға келіп түсуі-олардың өміріндегі маңызын анықтау

Күн тәртібінде :

1 Балалардың өткен оқу жылындағы бейімделуінің нәтижесі

2 МДҰ-да балаларды бейімдеу.Баяндама

3. Балабақшаға балалардың бейімделу жоспарын құру

1 мәселе бойынша Тыңдалды : Әдіскер : Ж.Жапаева

Жаңа келген балалардың 75% еш қиындықсыз бейімделу кезеңінен өтті, балалар балабақша жағдайына 1-3 ай аралығында тиімді бейімделді. Оқу жылының ортасына қарай барлық жас ерекшелігіне сай топтарда бейімделудің қиын түрлері болмады. Балалардың 15 %бейімделудің ортаңғы деңгейінде болды.

Себебі:

- балалардың денсаулықтары әлсіреген;
- балалардың балабақшаға дайындықсыз келуі. Ата-аналар балаларына жастарына сай әрекеттерді үйретпеген;
- балалардың бейімделу ерекшеліктерін ата-аналардың білмеуі.

Оқу жылының соңында барлық балалар балабақша жағдайына бейімделді.

Басыңқы бағыттар: 2023-2024 оқу жылында балаларды толыққанды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі мақсаттыбағытталған рационалды жұмыс жоспарлануда деп есеп берді.

2 мәселе бойынша Тыңдалды Меңгеруші : Н.Байтурсынова

Баланың мектепке дейінгі ұйымға келіп түсуі-олардың өміріндегі маңызды кезең, ол үйреншікті жағдайдың, күн режимінің өзгеруімен сипатталады. Сондықтан ол жаңа іс-әрекеттер жағдайларына икемделуге және бейімделуге тиіс.

Бейімделу-ағзаның түрлі:физиологиялық, әлеуметтік, психологиялық деңгейлерде орын алатын жаңа жағдайға икемделу үдерісі.

Ағзаның әлеуметтік өмір сүрудің жаңа жағдайларына көндігуі, бала мінез-құлқының өзгеруімен, ұйқысының, тәбетінің бұзылуымен қоса жүреді.

Неғұрлым күрделі қайта құрылу бейімделудің бастапқы кезеңінде орын алады. Бейімделу созылып кетуі және бейімделуге ауысуы, сондай-ақ бұл бала денсаулығының, мінез-құлқы мен психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін. Баланың МДҰ-да бейімделу үдерісі жүреді және ағзаның физиологиялық бұзылуын қоздыруы мүмкін.

3 мәселе бойынша тыңдалды әдіскер: Ж.Жапаева

«Жаңа келгендерді» МДҰ-да күн ұзаққа қалдыруға болмайды. Алғашқы 7-10 күнде бала 3 сағатқа қалады, содан соң қалу уақыты біртіндеп ұзартыла бастайды. Ата-аналардың тәрбиешісімен байланысы үлкен мәнге ие. Ата-

аналар тәрбиешіге бала дамуының ерекшеліктері, зиянды әдеттері, ұйқысы, тәбеті, сүйікті тағамы, ойыншығы т.б. туралы айтулары тиіс. Тәрбиеші балаға дос, ата-аналарға кеңесші болғаны жөн. Өйткені дәл сол бейімделу кезінде балалар жылылыққа және жанашырлыққа зәру болады дей келе жаңа оқу жылының бейімделу жоспарын ұсында.

Шешім: балаларды толықканды сауықтыруға бағытталған мектепке дейінгі мекемеде жүйелі мақсатты бағытталған рационалды жұмыс жоспарлансын

Төрайым:

Хатшы:



**МДҰ-да балаларды
бейімдеу.
Баяндама**

Көркем шығармаларды оқу барысында балаларды ауызша сөйлеуге үйрету, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға, тілдің фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктерін, үйренген сөздерін жекеше, көпше заттың атына байланысты септеп, жіктеп, тәуелдеп айтудың қарапайым тәсілдерін меңгеру, байқағыштық ойлау қабілеттері мен дүниетанымын дамыту, оларды ана тілін сүйуге, құрметтей білуге тәрбиелеуде тәрбиешілердің атқарар жауапкершілігі зор екені мәлім. Яғни, сәбилердің дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің орны ерекше.

Тәрбиеші көркемсөз оқушы – ол тыңдаушысын толғандырып, балаларды өзімен бірге күлдіріп, қуанта білуі шарт. Мұның бәрін тәрбиеші өзінің орындаушылық, көркемсөз оқу құралдарымен жүзеге асырады. Сонда ғана шығармадағы әрбір кейіпкер «тіріліп», оларға «жан бітіп», тыңдаушының жанына, жүрегіне жақындай түседі, көркемдік және идеялық жағынан әсер ететін болады. Сөйтіп, ол кейіпкерлер өзіндік қасиеттерімен, өзіндік сапасымен қайта жанданады. Көркем шығармаларды әңгімелеп берудің оқып беруден айырмасы әңгімеші мәтінді сөзбе-сөз емес, еркін айтып береді. Тәрбиеші өзі беріле әңгімелесе балалар да үн шығармастан тыңдайды.

Тәрбиеші мәнерлеп оқуға даярлану үшін алдымен сөйлеу техникасына жаттығу, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс меңгеру керек. Тәрбиеші көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқуы үшін алдымен өзінің дыбыстау мүшелерінің қызметін жетік біліп, әрбір тіл дыбысы қалай жасалады, қалай оқылады дегенге баса назар аударып жаттығуы кажет. Баланы ана тілінде анық, таза, сөйлеуге үйрету ісінде жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ертегі айтқызудың маңызы зор екендігін зерттеу нәтижелері дәлелдеген. Мысалы: Жаңылтпаш. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, сөздік қорын молайтып, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған. Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, сөздік қоры молаяды.

Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде мүкістерге сәйкес шығарған. Тілі шыға бастаған жас бөбекпен, тілі шыққан балдырғандардың тілінде көбінесе «р» дыбысы мен «и» дыбысын, «ш» дыбысы мен «с» дыбысымен шатастыру байқалады. Сондықтан, жаңылтпаштар да, көбінесе сол «р» дыбысы мен «и» дыбысын қатар айтуға құрылған: Дегенде, әй, Тайқарбай, әй, Тайқарбай,

Койынды май жусанға жай, Тайқарбай.

Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр,

Әй, Тайқарбай, дегенің қай Тайқарбай? – деп оқылады.

Жұмбақ. Нақты бір зат туралы түспалдап, ұқсатып, бейнелеп айту арқылы баланы ойлату, танымдық, білімдік ұғымдар мен түсініктерді ой-қиял елегінен өткізіп, тұжырым жасап, шешімге келуде тапқырлық пен дүниетанымдық дәрежесін байқау үшін, халық ертеден-ақ жұмбақтардың алуан түрлерін шығарған. Отбасында балаларға жұмбақтар үйретіп, жұмбақ айтысуды ұйымдастырып, олардың тапқырлығын сынау, жұмбақ айтысуда жеңіп шыққан балаларды мадақтап отыру – бұрыннан қалыптасқан дәстүр болатын. Балалар бақшасында «қызықты кеш», «өнерпаздар мен білгіштер жарысы» сияқты думандарды жоспарлы түрде ұйымдастыра білген тәрбиеші, жұмбақ айту, жұмбақ айтысу, жұмбақ айтыс дәстүрлерін қызықты өткізеді. Әрине, жұмбақ айтуды көбінесе тәрбиешінің өзі бастайды да, бұрыннан үйретілген жұмбақтар бойынша жұмбақ айтысу одан әрі жалғасады.

Жұмбақты көп білген балдырғанға «білімпаз» деген атақ беріледі.

Мақал мен мәтел: Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан, оған айтатын ақыл-насихат, өнеге-өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек. Сол мәнді сөздер – мақалдар мен мәтелдерді орынды пайдаланған ата-ана ой қозғап, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, баланы ана тілін ардақтауға үйретіп, ой қисындарын сөз жүйесіне келтіре алу қабілетін дамыту үшін, ата-ананың мақалдап сөйлеуінің мәні зор.

Балалар бақшасында тіл ұстарту, тіл ширату сабақтарында балдырғандарға мақал, мәтел туралы түсінік беріліп, оларды қолданудың қажеттігі туралы айтылады. Мысалы: «Әке – тірегің, ана – жүрегің» деген мақалдың мәні, мазмұны ондағы жеке сөздердің мағынасы туралы сұрақ-жауап тәсілін қолданып, тәрбиеші балдырғандардың түсінігін байқап, ұғымын байытады. Мақалдың мән-мағынасын терең ұғындыра түседі, балдырғандарға ана, әке туралы тапқақтарды жаттатып, айтқызады.

Ертегі: Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор. Қазақ ертегілері (төрт мыңға жуық) сан алуан. Оларды: хайуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер, күлдіргі ертегілер деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Ертегілердің ішіндегі баланың қиялын шарықтатып, бала шақтың болашағын елестетіп, келешекке сеніммен карауға тәрбиелейтін ең әсерлі ертегілер – қиял-ғажайып ертегілері. Ертеде «Ұшқыш кілем» ойлап шығарған халық енді «Зымыранның» өмірде бар екенін тілге тиек етіп, жұлдыздар мен планеталарды еркін аралайтын алыптар туралы ертегілер шығарды. Тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер халықтың тарихи талаптарына байланысты туған. Онда бай баласы мен жарлы баласының таптық айырмашылықтары

сөз болады, ақылды кедей мен сараң бай, қанағатсыз саудагер, ақымақ хан мен данышпан шаруаның іс-әрекеттері, мінез-құлықтары суреттелінеді. Батырлық ертегілерде елін қорғап, халқын қадірлеген ерлердің таңғажайып іс-әрекеттері баяндалады («Күн астындағы Күнекей қыз», «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», т.б.) олардың ерліктері мен еңбектері, адамгершілік іс-әрекеттері кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етіп айтылады.

Күлдіргі ертегілер, негізінен, Алдар көсе мен Жиренше шешеннің, Қожанасырдың есімдерімен байланысты. Ондағы кейіпкерлер сараң бай, зұлым хан, қаныпезер уәзір, қуақы құл, еріксіз қыз, еңіреп туған ер-азамат болып келеді. Онда зұлымдықты тапқырлық жеңіп отырады. Отбасында, ертегілер күнін белгілеп, сол күні әженің, не атаның ертектерін тыңдау немесе ертегі оқу, ертегілерді теледидардан көру, ертегі айтысу т.б. тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Әсіресе, бүлдіршіндер мен балдырғандар, өрендер ертегілерді құмарта тыңдайды, үлкендердің ертегі айтып беруін өтінеді, ондайда баланың сағын сындырмай, бағын қайтармай, оларға ертегі айтып беруді үлкендер (әжелер, аталар, әкелер, аналар) борышым деп түсінуге міндетті. Халық ертегісі балалардың барлық ықыласымен сүйсіне тыңдайтыны, оның ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа айтылып, халықтың даналық, тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндігінде. Басталған жерден ақ оқиғасы қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, жетектеп әкетеді. Халық ертегілері ішінде балалар арасына кең тарағаны, әсіресе сүйіп тыңдайтыны хайуанаттар жайындағы ертегілер.

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің қай түрін алсақ та балалардың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, күлкілі де қызықты болып айтылады. Ертегілерде балаларды қызықтырарлық және оларға ой саларлық сипаттар бар, яғни, олардың мінез өзгешіліктерін, сырт көріністерін, күн көрісін байқайды. Есіту арқылы олар енді тікелей білуге, зерттеуге құштарланады. Мысалы: «Түлкі мен тауық», «Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен ешкі», «Түлкі мен қарға», «Түлкі мен арыстан», «Түлкі мен қаз», «Түлкі мен құмыра» т.б. Мұнда балаларға үлгі, өнеге боларлық терең ойлар айтылған. Айдалы азғынның қолына түсіп, мерт болудан сақтандырудың жолдары көзделген. Әсіресе, қиын-қыстау кезеңде асып-саспауға, не нәрсені болса да алдымен ақылға салып шешуге үйретеді. Тапқырлыққа баулиды. Сондай-ақ, хайуанаттар жайындағы шағын ертегілер көбіне мектеп жасына дейінгі балаларды әсіресе, тапқырлық күлкілер мен қызықты жеңіл түйіндер мәз-мейрам етеді. Олардың эстетикалық талғамын күшейтіп, сөйлеу мәдениеттілігін арттырады.

Отбасында, ертегілер күнін белгілеп, сол күні әженің, не атаның ертектерін тыңдау немесе ертегі оқу, ертегілерді теледидардан көру, ертегі айтысу т.б. тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру қажет. Әсіресе, бүлдіршіндер мен балдырғандар ертегілерді құмарта тыңдайды, үлкендердің ертегі айтып

беруін өтінеді, ондайда баланың сағын сындырмай, бағын қайтармай, оларға ертегі айтып беруді үлкендер борышым деп түсінуге міндетті. Балалар жыры: Қазақтың халық педагогикасында балаларға арнап шығарылған арнау-тілек өлеңдері, сұрамақтар, төрт түлік туралы жырлар, такпақтар ерекше орын алады.

Халық педагогикасындағы балалардың бірден жадында қалатын қысқы-қысқа такпақтар, оларды такпак айтуға ынталандырады, еңбекке, адамгершілікке, Отанын сүйуге, өнерге тәрбиелейді. Арнау-тілек өлеңдері, төрт түлік туралы жырлар, такпақтарды, көбінесе, отбасында ата-аналар балаларына үйретіп, тәрбие ісіне ол жырларды пайдалана білуі керек. Балалар бақшасында төрт түлікке арналған ертеңгіліктерде, құстар күніне байланысты, өнерпаздар жарысында балалар жырларын жан-жақты пайдалана білу тәрбиешінің білімдарлығы мен жауапкершілік жігеріне байланысты. Көркем әдебиет шығармалары балалар алдына адамға тән сезімдер дүниесін ашып, жеке адамға, кейіпкердің жан дүниесіне қызығушылық тудырады және сөздік қорын байытады. Көркем шығарма кейіпкерлерімен бірге қуану-қайғыруды үйрене отырып, балалар өзінің төнірегіндегілердің, жақын адамдарының көңіл күйін байқай бастайды. Оларда адамгершілік сезім – қайырымдылық қасиет, әділетсіздікке қарсы тұру қабілеті ояна бастайды. Бұл – принципшілдік, адалдық, нағыз азаматтық қасиеттердің қалыптасу негізі.

**«ДҚБ Сымбат» балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

№ 2 меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы

Атақоныс 2023-2024 оқу жылы

Хаттама №2

Мақсаты: Вариативтік компоненттің маңызын анықтау

Күн тәртібінде :

- 1 Психолог маманының жыл бойы жүргізілген жұмыстарының талдауы
- 2 Балабақшада вариативтік компоненттердің өту барысы

Тыңдалды: Психолог Балабекова Л.

Психологиялық қызметтің нормативтік негізі – Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы, ҚР-ның «Білім беру туралы» заңы (2016 ж 9 сәуірі жағдайындағы өзгертулері мен қосымшалары); Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; ҚР Конституциясы; Психологиялық қызмет жайлы Ереже, Психологтың этикалық кодексі, ҚР білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің құқықтық статусы жайлы ереже, жобасы болып табылады. Психологиялық қызметтің мақсаты бөбекжай балаларының толыққанды психологиялық дамуы үшін жағдай жасау. Ол үшін әрбір баланың жан-жақты дамуы, бөбекжайдың тәрбиелеу-білім беру үрдісінің сапасын арттыру, педагогтың психологиялық құзыреттілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған.

Психологиялық қызмет жұмысы екі негізгі бағытқа – өзекті және перспективалық бағытқа бөлінген.

Өзекті бағыт-мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қандай да бір қиындықтарымен байланысты маңызды мәселерді шешуге бағытталған.

Перспективалық бағыт-әрбір баланың жеке қалыптасуына, дамуына, оның мектепке психологиялық дайындығының қалыптасуына жұмылдырылған.

Психолог педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Бөбекжай психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дауы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды.

Бөбекжай педагог-психологы қызметінің негізгі бағыттары психологиялық диагностика, түзетуші-дамытушы жұмыстар, психологиялық ағарту және психологиялық алдын-алу, психологиялық кеңес беру, бөбекжай қызметін психологиялық тұрғыдан қолдау болып табылады.

Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді.

2мәселе бойынша тыңдалды әдіскер Жанаева Ж

Бөбекжайда күннің екінші жартысында вариативтік компоненттік бөлімі бойынша ортаңғы, ересек топтарда «Ұлттық қазына», кіші топта «Ертегі елінде» вариативтік компоненттері жүргізілді. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп ерекше атап көрсетілген. Осы Заңның 8-бабында «Білім беру мекемелеріндегі тәрбиелеу бағдарламалары этномәдениет элементтерімен байытылады», - делінген. Халқымыз «Қисық біткен талды жастайынан түземесе, буыны катқан соң оның көленкесі де қисық болып тұрады» деп бекер айтпаса керек. Осыған байланысты бүгінгі бүлдіршіндерді жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуде балабақша қызметкерлерінің жауапкершілігін де арттыра түсуде. Себебі біздің халқымыз үшін бала тәрбиесі бүкіл зиялы қауымның, бүкіл қоғам шұғылланатын ұлағатты істің тұтас бір кешеніне айналып

отыр. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды ұтымды ұйымдастыру үшін балабақшада ұлттық этнопедагогика бағыты бойынша арнайы бағдарлама негізінде жұмыс жасамаймыз. Бағдарламаны құрастыру жаңа білім парадигмасына сәйкес төмендегідей қажеттіліктерден туындап отыр:

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім және мектепалды даярлықтың нәтижеге қайта бағдарлануы;

Мемлекеттік жалпыға міндеті білім беру стандартына сәйкес білімнің практикалыққұндылығын қамтамасыз ету.

Өмірлік білім моделінен өмір бойғы білім моделіне сәйкес білім беру;

Баланың қандай да бір саладағы білім мен тәжірибесімен және оларды нақты бір жағдайда соған сай қолдана білу біліктілігімен байланысты қасиеті-құзіреттілігін қалыптастыру.

Сол себепті алға қойылып отырған мақсат:

«Кішкентай бүлдіршіндердің жасын, жеке ерекшеліктерін, психологиялық процестерін ескере отырып, ұлттық құндылыққа негізделген, қоғамдағы жағымды қатынастарға қабілетті, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу»

Шешім: Әр баланың қабілетіне қарай жеке дара вариатив бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Төрайым:

Хатшы:



**«ДКБ Сымбат» балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**№ 3 меңсеруші жанындағы кеңес
Хаттамасы**

Атақоныс 2023-2024 оқу жылы

Хаттама №3

Тақырыбы: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.

Мақсаты: Оқу жылы бойы өткізілген жұмыстар балалардың денсаулығын сақтау құзыреттілігі, ауру-сырқауды төмендету, олардың өмірі және денсаулықтың қорғауға әсері

Күн тәртібінде: Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.

Тыңдалды: әдіскер Жанаева Ж

Қойылған тапсырмаларды шешу үшін пәндік - дамытатын ортаны жабдықтауға, денсаулық сақтау технологиясын енгізуге көңіл бөлінді. Балалармен таңғы шеңбер құру, психогимнастика өткізу психологиялық ахуалдың жасауына мүмкіндік туғызды. Әр жыл мезгіліне серуен картотекасын құру серуен уақытында өткізілетін қимыл белсенділігін ұйымдастыруда жүйелі амал жасауға, түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын қолдануға көмектесті.

Бөбекжайда үнемі балалардың қауіпсіздік тіршілік әрекеттерін қорғау тұрғысынан жабдықтау және оқу құралдарын сараптау жұмыстары жиі жүргізіліп отырды.

Ұйымдастыру жұмысының айлық жоспарларына педагогтардың денсаулықты сақтау технологиясын қолдану.

Тыңдалды : Медбике Бобомуратова Н

Қалағалауды ұйымдастырудың айлық жоспарына педагогтардың денсаулық сақтау технологиясын қолдануды саралау қосылады: сергіту сәттерін қолданудың тиімділігі, ұйымдастырылған оқу қызметіндегі қимылдау шапшаңдығы, ұйымдастырылған оқу қызметінен жалығуды ескеруі, серуенді ұйымдастыруда балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау, т.б. Осы міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі жұмыстардың жағдайын талдау мақсатында, 2020 жылы қыркүйек айында «Балалардың бойында мәдени-гигиеналық машықтарды және салауатты өмір салты, күн тәртібін орындау машықтарын қалыптастыру» бойынша тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесі мәдени-гигиеналық машықтардың және салауатты өмір салтының бөбекжай бойынша орташа алғанда, орташадан төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті. Әсіресе, ортаңғы топтағы көрсеткіш өте төмен болды, бұл негізінен осы топқа келген балалардың көпшілігінің ешқандай да гигиеналық машықтарының жоқ болуына байланысты орын алды. Балалардың осы машықтарының сапасына 2021 жылы сәуір айында қайта талдау жүргізу ұсынылды. Қайта жүргізілген талдау барлық жас топтарындағы балалардың машықтары мен біліктіліктерінің айтарлықтай өскендігін байқатты. Тексеріс қорытындысы бойынша айқындалған кемшіліктерді жою мақсатында, педагогтар үшін ұсынымдар әзірленді. Бөбекжайда жүргізілген тексеріс дене тәрбиесі бойынша нұсқаушының дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметін жиі өткізіп сауықтыру тиімділігін арттыруға қол жеткізгендігін көрсетті, бұл ретте дене тәрбиесі ұйымдастырылған оқу қызметінің жиі өтуінің балалардың қозғалыс қимылдарын орындау сапасын төмендетпейтіндігі байқалды. Балалардың бойындағы қозғалыстың жай жүріс, жүгіру, тепе-теңдік сақтау, өрмелеу сияқты түрлері бойынша машықтары жеткілікті деңгейде қалыптасқан ал, лақтыру, секіру машықтарының қалыптасу деңгейі жеткіліксіздеу. Бөбекжайда өткізілген сауықтыру жұмыстары да оң нәтиже берді. Балалардың денсаулығын нығайту бойынша сәтті жұмыс жүргізудің қажетті шарттарының бірі – осы бағытта ата-аналармен бірігіп жұмыс істеу болып қалады. Ол үшін балабақшадағы балалармен жүргізілетін сауықтыру жұмыстарының нәтижелерін ата-аналарға хабарлап отыру. «Дене тәрбиесі және баланың

денсаулығы» тақырыбына ата-аналар конференциясы өткізілді, жылжымалы-папкаларға «Айболиттің кеңестері» айдарын енгізілді Аурудың алдын алу бойынша ата-аналарға «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы», «Егу не үшін қажет?» тақырыптарында ата-аналарға кеңестер берілді.

Оқу жылының 9-айы бойынша ауырып қалу жағдайларын талдау көрсеткіштің бір баланың ауырып қалуына байланысты жіберіп алған күн бойынша төмендегендігін көрсетті.

Ауыргандардың жылдық салыстыру талдауы

Күндері, 1-баланың ауырып қалғаны		өсуі	төмендеуі
2021-2022 жылдары	2022-2023 жылдары		
57	63	11%	

Қиыншылықтар:

- балалар негізгі қозғалыстардың барлығын бірдей жақсы меңгере алмайды;
- балалар гигиена және салауатты өмір салтының ережелері бойынша алған білімдерін әрқашанда үлкендердің ескертуінсіз, өз беттерімен қолданбайды.

Себептері:

- балалармен жеке жұмыс жүргізу кезінде, нысанаға лақтыруға және секіруге жеткілікті назар аударылмайды;
- отбасында қозғалысты дамытуға бағытталған жұмыстардың болмауы.
- Тәрбиешілер балалардың мәдени-гигиеналық машықтарын тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлмейді.

Сондықтанда, балалардың денсаулығын нығайту, олардың денсаулықтарын сақтаудан хабардар болуын дамыту-ең басты мәселе болып қалады. Бұл келесілермен байланысты:

- балалар балабақшаға әлсіз иммундық жүйемен келеді, ата-аналары оларды мектепке дейінгі мекемеге баруға даярламайды;
- балабақшаға келген кейбір балалардың карапайым мәдени-гигиеналық машықтары болмайды;
- балалардың дене тұлғасының максатты шынығуына дамуына, отбасындағы суық тию ауруларының алдын-алуға ата-аналардың барлығы бірдей көңіл бөле бермейді;
- балалардың СӨС дамыту нысандары мен әдістерін тұрақты жаңартып отыру және балалардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын анықтау үшін жаңа тәсілдерді іске асыру қажеттілігі.

Шешім: Жоғарыда мазмұндалғандарды ескере отырып, жұмыстың алдағы кезеңінде жүргізілетін міндеттерді белгілеу

Хатшы:



**Балалардың денсаулығы мен өмірін
қорғау ережелерінің талаптарының
орындалуы.**

Дене тәрбиесі оқу қызметі мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл – ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру оқу қызметтерінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;
- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

балалардың денсаулығын нығайту;

денені шынықтыру;

мәдениетін қалыптастыру;

өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:

- кажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;
- калыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;
- денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;
- қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

Оқу қызметінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады. Дене шынықтыру оқу қызметтерінде қимылды ойын ретінде ұлттық ойындарды алуда тәрбиешінің өз еркінде.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ойын арқылы балалар қоғамды тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Ойнау процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баланың жан – жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Халқымыздың тарихи – мәдени мұраларының түрлері өте көп.

Солардың қай – қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Ұшты – ұшты», т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

Мысалы төмендегідей ойын түрлері:

Ақшамшық (сақина салу). Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он – он бес адам қатысып, ортаға бір жігітті немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі

бойынша қыз-жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің ала-қанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болып шығысымен, «Тұр сақинам, тұр», – деп, немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», – деп. Оны көршісі ұстап алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді. Кейбір кітаптарда сақина тастау ақшамшық емес, ақшымшық деп те жазылып жүр.

Теңге алу. Жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкен ептілікті, ат құлағында ойнайтын шабондоздық тәжірибені қажет етеді. Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі.

«Қыз қуу». Ол – ұлттық ат спорты ойыны. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюі керек. Бұл – жігіттің жеңгені. Қуып жете алмаса, қайыра шапқанда қыз жігітті, оның атын қамшының астына алады. Бұл – қыздың жеңгені.

Көкпар. Ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша, әуелгі атауы «көк бөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көк бөріні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, өздерінің ойынның бір түрін ойлап тапқан. Уақыт өте келе көкпар ұлттық ойынға айналған. Екі топ болып бөлініп, көкпарды бір-бірінен алып қашып, қазандыққа салу. Қай топтың жігіттері шапшандық көрсетіп, қазандыққа көкпарды салу ұпайлары көп болса, сол топ жеңіске жетеді. Келесі топ жеңіліске ұшырайды.

«Күміс ілу» (жүзік ілу) – ептілікті, атқа жақсы отыруды керек ететін ұлттық ойын. Келін түсіру, қыз ұзату салтанатында қалыңдық орамалға гүйіп, өзінің күміс шолпысын, әйтпесе жүзігін тастайды. Сондықтан да кей жерлерде бұл ойын «жүзік ілу» деп аталады. Қатты шауып келе жатқан шабандоз жігіт ат екінің бәсеңдетпеспен, әлгі орамалды іліп алып кетуі керек. Осылайша қазақ жігіттер өзінің ептілігі мен шеберлігін «Күміс алу» сайысында дәлелдей білген.

«Бәйге». Бұл жарыстың бірнеше түрі бар. *Олар: аламан бәйге, тай жарыс, құнан бәйге, топ бәйге. Бәйге жарысы, негізінен, жазық жерлерде өткізіледі. Көмбеге алғаш озып келген шабандоз жеңімпаз атанып, сыйлыққа ие болады.*

«Асық ойыны». Бұл – балалардың ежелгі спорттық ойыны. Тақыр алаңға көлденеңінен түзу сызық сызады да, соны бойлай тігілген кенейді кезектесіп сақамен ату арқылы мергендік сынасады. Асық ойынының үш табан, бір табан, шығу, шеңбер секілді бірқатар түрлері бар. Ертеде қазақтың қыз-келіншектері де асық ойнаған. Олар ойнаған асық ойындары қора хан, құмар, т.б. аталған. Асықтың «Хан талапай», «Төрт асық»,

«Атпақыл», «Қақпақыл», «Омпы», «Сасыр» секілді түрлері де бар.

«Ақсүйек». Бұл ойында қойдың жілігі немесе жауырыны, жамбасы пайдаланылған. Ойын жүргізуші ойыншыларды екі топқа бөледі. Сөйтіп, алдын ала әзірленген сүйекке белгі салып алған соң, оны алысырақ барып лақтырады. Кейде екі топтың мүшелері кезектесіп те лақтырады. Ойынға қатысушылар ақсүйекті іздеп табуы тиіс. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, оны көмбеге жеткізуі тиіс. Ал мұны қарсыластары біліп қойса, қолма-қол тартып алуға тырысады. Сондықтан ақсүйекті тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топ бұрын жеткізсе, сол топ жүлдегер атанады. Зеректікке, ептілік пен икемділікке баулиды.

Арқан тарту. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Орамал тастамақ. Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы (тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек.

Ойын осылай жалғаса береді.

Аксерек-көксерек. Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Аксерек-ау ак серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Аксерек –ау ак серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Түйілген орамал. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» – деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан – жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Соқыр теке. Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар: Бота, бұзау, козы, лақ

Қайда кеткен құлыншак

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Сакина жасыру. Ойынды өткізуші және сакина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сакина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сакина кімде»-деп сұрайды. Ол сакинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырман. Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды. Содан соң екінші балаға:

– ортанғы саусағымды тапшы, – дейді. Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады. Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұпайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді.

Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Оқу процесінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану оқу қызметінің тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана ойын тағымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі.

**«ДКБ Сымбат» балабақшасы
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

№ 4 меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттамасы

Атақоныс 2023-2024 оқу жылы

Хаттама №4

Тақырыбы: Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары

Мақсаты: Музыкалық және дене шынықтыру іс шараларының баланың шығармашылық дамуына қосатын үлесі және биылғы жылғы іс шаралар есебін тыңдау

Күн тәртібінде :

Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары туралы есеп

Тыңдалды: Әдіскер Жанаева Ж

«Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құбылыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі» деп Ахмет Жұбанов айтқандай музыкалық қызмет баланың музыкалық тәрбиесінің ең негізгі кезеңі болып табылады. Бала өмірінің алғашқы жылдары-оның болашағының негізі. Балабақшада бала музыканы тек меңгеріп қана қоймай, оған деген ерекше сезімталдық танытады. Сондықтан балабақшада өткізілген әрбір музыкалық іс-шараларда музыкалық – шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым іскерліктері мен дағдылары көрсетілді. Бөбекжайда жылдық жоспарға сай музыка жетекшісі А.Раймбекова ұйымдастыруымен өтілген мерекелік шаралар тәрбиеленушілерге жақсы көңіл күй сыйлады. Қыркүйек айында Білім күніне орай «Балабақшам бесігім» атты ертеңгілік өтті. Онда Білім ханшайымы қонаққа келіп, балаларды білім күнімен құттықтап, балалармен бірге қызықты тапсырмалар орындады. Тілдер мерекесі қарсаңында балалардың Мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, өзге тілге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» атты мерекелік концерт болды. Онда балалар ана тілінде және өзге тілде такпақтар айтып, би билеп, әннен шашу шашты.

Отбасы күні қарсаңына «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өгіп, аталарымыз немерелерімен бірге өнерлерін көрсетіп, кішкентай бүлдіршіндерге баталарын берді. Отбасылық спорттық сайыс өтіп, онда сайыс ережесіне сай әртүрлі спорттық тапсырмаларды орындады. Қазан айында өткен «Армысың, Алтын күз!» ертеңгілігінде балалар күз мезгілінің ерекшеліктерімен қатар, алтын күз сөзінің мағынасын ұқты. Қараша айында Тұңғыш президент күні қарсаңында өткен «Елін сүйген Елбасы!» атты мерекелік ертеңгілігінде балалар Елбасы туралы такпақтар айтып, би билеп, ән салды. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздігімді жырлаймын!» тақырыбында тәрбиелік мерекелік шара өтті. Онда балалар тәуелсіздік туралы такпақтармен ән мен жырдан шашу шашты.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында "Төрлет, құтты жаңа жыл!" атты мерекелік ертеңгілік өтті. Шыршаны айнала би билеп, ән салған балалар Аяз атаны асыға күтіп, өз өнерлерін көрсетіп Аяз атадан сыйлықтарын алды. Ақпан айында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» атты ересек және ортаңғы топтар арасында спорттық сайыс өтті. Сайыста балалар жол ережелерімен танысып, бағдаршам қызметімен танысса, «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарысында шамамен сырғанап, қардан үйшіктер жасап, сайыс ережесі бойынша әртүрлі ойындар ойнады.

Ана-деген ұлы сөз. Анаға баласының қуанышынан артық ештеңе де қажет емес. Наурыз айында «Ана-аса кымбат жан!» мерекелік ертеңгілік өтті. Ертеңгілікке бүлдіршіндердің аяулы апалары, менірімді әжелері және басқа да қонақтар қатысты. Көктемнің алғашқы

**Музыкалық және дене шынықтыру
іс-шаралары туралы есеп.**

Музыкалық аспаптарды танып білуге, аспаптарды ойнау әдіс-тәсілдерін үйренуге, олардың тембрлерінен ажырата білуге музыка жетекшісі мен тәрбиеші үйретеді. Жеңіл әндерді аспаптарда ойнап, ырғақтық бейнесін бере отырып, ойнауды меңгереді.

Музыкалық естутүйсігін, шығармашылық қиялын жетілдіреді.

Ырғақтық сезімін, динамикалық есту қабілетін дамытады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық музыкалық аспаптарда ойнау қабілетін қалыптастыру. 2.1.

Балаларды музыкалық аспаптарда ойнауға үйретудің негізгі әдістері.

2.2. Балалар ансамблі мен жұмыс жүргізу әдістемесі,

оқыту бағдарламасы. 2.3. Қазақтың аспаптық дәстүрлі музыкасы-дидактикалық ойындар арқылы жүзеге асырылады. III бөлімі. 3.1.

Балалар аспаптық ансамбліндегі жүргізілетін тәрбие жұмысы моделіне

тұжырымдама. 3.2. Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: Сазды да, сырлы аспаптар. Қолданылған әдебиеттер. Кіріспе Музыка-адам жанын жарқындататын өнер. Сондықтан да музыка адам баласына қатты әсер етеді.

Бірақ ойналған әуенді сөзбен жектізуге мүмкін емес, оны тек музыканың ән дүниесі мен түсінігіне адамға әуен ырғағы мен қабылдайды. Өйткені "Музыка-жүректілі," яғни сезім, қобалжу көңіл-күйдің тілінен тұққан жөн. Музыка шынайы өнер, адамға зор әсер етіп, күдіреттің эмоциялық қорасын зор күші арқылы эстетикалық талғамына оятады.

Музыканың тыңдау арқылы балаларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі мақсаттары жүзеге асады. Музыканың дұрыс түсінігін тыңдай білуге тәрбиелеу арқылы балалардың ой-өрісін, сезімін, киімін, талғамын жалпы өнерге деген сүйіспеншілігі мен мәдениеттілігін дамытамыз.

Балабақшадағы балаларға берілетін тәрбие саласының бірі-эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие өнер құралдары бойынша, яғни музыкада-дыбыс, суретте-бояу, тіл дамытуда-сөз арқылы жасалынған.

Көркем бейнелеріне негізінде баланың дүниетанымын арттырып, өмірдің шындығы мен әсемдік сезіну қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Музыка сабағында балаларды музыка өнеріне баулу, олардың әсем сезімдерінің тәрбиеленуіне көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасуына себептігізеді. Балабақшада іс-әрекет ретінде музыка сабағы біріншіден өнер сабағы деп аталады.

Аспаптарда ойнау, әнайту, жаттау еңбек нәтижесі. Ал оны үйрету-педогогика ғылымы. Оған Қорқыт, Баласұғын, Асанқайғы, Бұхар, Абылай, Абай, Құрманғазы, Махамбет, Ақансері, Біржансал, Мұхит,

А. Жұбанов, Н. Тілендиев секілді атакты күйші, әнші, жыршыағаларымыздың еңбектерін жатқызуға болады. Сырт көзге көрне бермейтін мәні зор ұлттық аспаптарымызда қалыптасқан тәрбие үлгісі, адамның ой ұшқырлығын шыңдауға, өнер арқылы білімгетерен бойлауға мүмкіндік тудыратын, оның ұлттық музыка өнерін ентаралған тәрбие-білімнің қайнаған бұлағына сарқылмас қазынасына, дәстүр табиғатына қазақ діліне өзүлесін қосып келе жатқан үрдіс. Музыка сабағында музыкалық-әркетерді аспаптық музыкамен байланыстыра жүргізу жолдары тиімді әдіс-тәсілдердің бірі болып келеді. Болашақ ұрпаққа музыка сабағында инновациялық әдістер арқылы ұлттық тәлім тәрбие беруді тиімді ізденістермен әрелдің озық тәжірибелерін жүзеге асырып, әлемдік педогогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту әр ұстаз, музыка жетекшісінің міндеті екені сөзсіз. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балаларға қазақтың ұлттық аспаптарын ұстатып, халқымыздың ұлттық әндері мен күйлерін тартқызып үйретсе, нұр үстінен нұр емеспе?.. Қазақтың ұлттық аспаптар негізінде қалыптасып жеткен тәрбие көзі-жас бұлдіршіндерді өз Отанының азаматы болуға баулып, оның ұлттық көзқарасымен санасын оята отырып, эстетикалық әсемділікке жетелейді.